

## Аудан әкімінің кейбір шешімдерінің күшін жою туралы

Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы әкімінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 5 шешімі  
**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 8-тармағына сәйкес аудан әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес аудан әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы шешімнің 1-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп танылғаны жөнінде әділет органдарына және ресми жариялау көздеріне хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Оразымбетов Сәбит Мәденұлына жүктелсін.

*Аудан әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Б. Қалымбетов*

Аудан әкімінің 2015 жылғы  
19 қарашадағы № 5 шешіміне  
қосымша

## Аудан әкімінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізімі

1. Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы әкімінің 2009 жылғы 28 желтоқсандағы "2010 жылы Мойынқұм ауданының аумағында 1993 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді жүргізуді ұйымдастыру туралы" № 34 Шешімі . (Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 08 ақпанда № 51 нөмірімен тіркелді).

2. Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы әкімінің 2012 жылғы 23 қаңтардағы "2012 жылы Мойынқұм ауданының аумағында тұратын 1995 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесінде тіркеуді жүргізуді ұйымдастыру туралы" №1 шешімі. (Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 24 ақпанда №6-7-77 нөмірімен тіркелді)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК